

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2014 жылғы 2 қазандағы № 112 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:
1. Мыналардың:

1) «Қазақстан Республикасында балаларға амбулаториялық-емханалық көмекті одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 17 қазандағы, № 760 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2561 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған 2003 ж., № 37 - 42 , 888 - қ ұ ж а т) ;

2) «Профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалау, дезинфекциялауды) препараттарды сақтау, тасымалдау және пайдалану ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 702 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5902 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2010 жылғы № 2 және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2011 ж. № 4, 403-құжат) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а с ы н .

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

С. Қайырбекова